

2020 – 2021 оқу жылындағы I тоқсан қорытындысы бойынша әлеуметтік педагогтыңесебі

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№3 арнайы мектеп» КММ-де жалпы оқушылар саны 126, оның ішінде мектепте оқитындар 97 оқушы, үйде оқитын оқушылар саны – 29.

Қыркүйек айында 2020-2021 оқу жылына әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары құрылды. Жоспар бойынша әр сынып әлеуметтік паспорт пен әлеуметтік тұрмыстық жағдайын тексеру құжаттары тапсырылды.

I тоқсан қорытындысы бойынша :

- Аз қамтылған отбасылар - 6 (Атаулы әлеуметтік көмек анықтамасы бар)
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар саны- 1 (1 «B» сынып Бақдаулетов Айдар»)
- Көп балалы отбасылар-17
- Толық отбасы- 80
- Толық емес отбасылар- 28

Кәмілетке толмаған ісі жөніндегі бөліміесебінде тұрған балалармен профилактикалық жұмыс мектептің тәрбие жұмысында маңызды орын алады. Бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде. Оқушыға жеке парап толтырылып, жеке есепке алу карталары жүргізілді, онда оқушы туралы, оның ата-анасы туралы мәліметтер, ата-анасының қысқаша сипаттамасы, баланың тұру жағдайы, оқушымен жұмыс, қабылданған шаралар және жұмыс нәтижесі көрсетіледі. Жеке жұмыс күнделігі де енгізілген.

Өз қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін әлеуметтік педагог "Білім туралы" заңды, Бала құқықтары туралы конвенцияны, ҚР Конституциясын, ҚР «Бала құқықтары» туралы заңын, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылықтар» туралы кодексін, ҚР«Неке және отбасы туралы»заңын, ҚР «Еңбек туралы»кодексін, ҚР «Кәмелиетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу» және «Балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңын басшылықта алады.

Тамыз айынан 12-і мен қазан айының 31-і аралығында «Мектепке жол» жалпыға міндетті оқу «Қамқор» атты акциясы басталған болатын. «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға және аз қамтылған отбасылар қатарындағы білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы № 64 қаулысының негізінде» аз қамтылған отбасылардан және мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан оқушыларға жаппай оқыту қорынан қажетті киім мен аяқ киім сатып алуға ақша бөлінді. «№3 арнайы мектеп» КММ осы санаттан 35 өтініш қаралды, 5 отбасының өтінімінде бас тартылды, себебі олардың табысы 3 есе жоғары болып шықты. Қалған 31 отбасыға 40 000 әлеуметтік бірлік түрінде әлеуметтік көмек берілді. Ақша қалдықсыз жұмсалды, ата-аналар балаларға қыскы күртелерді,

қысқы аяқ киім, спорттық костюмдер, кроссовкалар, мектеп формасы мен кеңсе керек-жараптарын сатып алды.

1 қыркүйек «Білім күніне» арналған таза ауада кішігірім салтанатты жынын өткізілді. Оқушыларға «ТОО Азамат-Құрылыш» атынан «Оқушылар жинағы» «Набор школьника» сыйын табысталды.

2 қыркүйектен бастап ТОО «Скулбас» оқушыларды тасымалдау үйымдастылырды. Бізде 5 маршрут бар, әр маршрутта ең көп деген бала саны 19. Жалпы автобусқа отыратын оқушылар саны 87. Тасымалдауға жауапты 5 педагог қойылды, барлығы нұсқаулықпен танысты.

«Дар» қоғамдық қайырымдылық қорынан спорттық жабдықтар сыйға тартылды.

Мектебіміздің кәсіподақ комитетінің төрайымы А. Т. Канафина мен Нұр-Сұлтан қаласының "Әділет" білім беру қызметкерлері кәсіподагымен 0 «Ә» сынып оқушысы Бейсенова Кәусарға демеушілік қайырымдылық көмегі көрсетілді.